

«БЕКІТЕМІН»

«Ұлытау облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» ММ басшы м.а.

Муталипов Д.М

« 7 » қазан 2025 ж.

«КЕЛІСІЛДІ»

Жансаң Абдумалик шахмат Академиясының директоры

Аширов Д.А

« 7 » қазан 2025 ж.

«КЕЛІСІЛДІ»

«Ұлытау облысының шахмат федерациясы» ҚБ президенті

Байсабеков Б. К.

« 7 » қазан 2025 ж.

Ұлытау облысының 2025 жылғы стандартты (классикалық) шахматтан 7 жастан 17 жасқа дейінгі жас санаттарындағы ұлдар мен қыздар арасындағы чемпионатының ЕРЕЖЕСІ

Чемпионаттың жалпы жүлде қоры – 2 700 000 теңге

1. Мақсаттары мен міндеттері

- 1.1. Ұлытау облысының 2025 жылғы стандартты (классикалық) шахмат бойынша 7, 9, 11, 13, 15 және 17 жасқа дейінгі жас санаттары бойынша облыс чемпиондарын анықтау.
- 1.2. Ұлытау облысынан 2026 жылғы Қазақстан Республикасының стандартты (классикалық) шахматтан ұлдар мен қыздар арасындағы чемпионатына негізгі қатысушыларды анықтау (8, 10, 12, 14, 16 және 18 жасқа дейінгі жас санаттары бойынша).
- 1.3. Ұлытау облысында шахматты кеңінен насихаттау және дамыту.

2. Ұйымдастыру комитеті

- 2.1. Ұлытау облысының чемпионатын ұйымдастыруға жалпы басшылықты «Ұлытау облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» ММ-нің қолдауымен Жансаң Абдумалик шахмат Академиясы жүзеге асырады.
- 2.2. Ұйымдастыру ««Ұлытау облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» ММ-нің қолдауымен Жансаң Абдумалик шахмат Академиясы бекіткен турнирдің директоры мен төрешілер алқасына жүктеледі.
- 2.3. Чемпионаттың бас төрешісі – FIDE төрешісі Жупархан Досболат Ерланұлы.

3. Жалпы ережелер

- 3.1. Өтетін күндері: 25 қазан – 1 қараша 2025 ж.
- 3.2. Мекенжайы: Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы, Б. Момышұлы көшесі, 16а, Жансаң Абдумалик шахмат Академиясы.
- 3.3. Чемпионат FIDE ережесі бойынша швейцариялық жүйе бойынша 9 турды қамтиды. Жеребе рәсімі Swiss-Manager бағдарламасы арқылы өткізіледі. Жеребе мен нәтижелер [Chess-Results.com](https://chess-results.com) сайтында жарияланады.
- 3.4. Ұлдар мен қыздар бөлек турнирлерде ойнайды.
- 3.5. Әр жас санатындағы турнир кемінде 3 қатысушы тіркелген жағдайда өткізіледі.
- 3.6. Әр жас санатындағы қатысушылар санына қарай төрешілер алқасының жарыстың өткізу жүйесі мен турлар санын өзгертуге құқығы бар.
- 3.7. Әр турнирдің жарамды FIDE рейтингісі бар қатысушылардың саны жеткілікті болған жағдайда, FIDE рейтингісін есептеу ережесіне сәйкес өткізіледі.
- 3.8. Уақыт бақылау: классика 60+30 (партияға 60 минут беріледі және әр жасалған жүріс үшін біріншісінен бастап 30 секунд қосылады).

- 3.9. Турға 30 минуттан астам уақытқа кешіккен жағдайда, қатысу жеңілген болып есептеледі.
- 3.10. Партияларды жазу барлық қатысушылар үшін міндетті.

4. Қатысу шарттары

- 4.1. Чемпионатқа Ұлытау облысында тұратын және Қазақстан Республикасының азаматтығы бар келесі жас санаттарындағы спортшылар қатыса алады:
- «7 жасқа дейін» – 2018 жылы туған және одан кіші;
 - «9 жасқа дейін» – 2016–2017 ж. т.;
 - «11 жасқа дейін» – 2014–2015 ж. т.;
 - «13 жасқа дейін» – 2012–2013 ж. т.;
 - «15 жасқа дейін» – 2010–2011 ж. т.;
 - «17 жасқа дейін» – 2008–2009 ж. т.
- 4.2. Чемпионатқа тіркелу <https://chessacademy.kz/registration> сілтемесі бойынша өткізіледі. Қатысушылар барлық өрістерді мұқият толтырып, қажетті құжаттарды тіркеуге міндетті.
- 4.3. Барлық жас санаттарының қатысушылары, соның ішінде «7 жасқа дейін» санатының қатысушылары да, партияны жазуды білулері және шахмат сағаттарын пайдалана алулары міндетті. Егер осы талаптар сақталмаса, Ұйымдастыру комитетінің қатысушыны турнирден шығаруға құқығы бар. Төрешінің екі ескертуінен кейін партияның жазбасын жасамай жатқан қатысушы жеңілді деп есептеледі. Егер келесі партияда бұл жағдай қайталанса, қатысушы жарыстан шығарылады.
- 4.4. Тіркеудің аяқталуы: 2025 ж. 24 қазан, сағат 18:00.

5. Жеңімпаздарды анықтау

- 5.1. Жарыс жеңімпаздары барлық партияларда жиналған ұпайлардың ең үлкен қосындысы бойынша анықталады. Ұпай саны тең болған жағдайда дәйекті түрде мына тәсілдер қолданылады:
- 1) жеке кездесу (егер бөліске барлық қатысушылар бір-бірімен ойнаса);
 - 2) қысқартылған Бухгольц коэффициенті (бір ең нашар нәтижесіз);
 - 3) Бухгольц коэффициенті;
 - 4) жеңістердің ең көп саны;
 - 5) қаралармен ойнаған партиялардың ең көп саны.

6. Апелляция

- 6.1. Даулы мәселелерді шешу үшін Апелляциялық комитет (АК) тағайындалады, оның құрамына мыналар кіреді: төраға, АК-тың екі негізгі мүшесі және 2 қосалқы мүшесі.
- 6.2. Ойыншы тур аяқталғаннан кейін 1 сағаттан кешіктірмей АК-ге жазбаша түрде апелляция беріп және 30 000 теңге мөлшеріндегі апелляциялық жарнаны төлеп, төрешілер алқасының кез келген шешіміне қарсылық бере алады.
- 6.3. Апелляциялық комитеттің шешімі соңғы әрі нақты болып табылады.
- 6.4. Апелляция қанағаттандырылған жағдайда апелляциялық жарна толық мөлшерінде қайтарылады.
- 6.5. Егер АК апелляцияны заңды негізсіз деп тапса, ақшалай кепіл қайтарылмайды және турнирдің жүлде қорын ұлғайту мақсатында чемпионаттың Ұйымдастыру комитетінің қарамағына беріледі.

7. Чемпионат кестесі

Қатысушыларды аккредиттеу, ашылу рәсімі

24.10.2025	10:00-18:00	Тіркеуді растау, бейджерді беру
25.10.2025	09:30	Ашылу рәсімі

Турлар кестесі

25.10.2025 – 01.11.2025	<i>Турлардың басталу уақыты қосымша хабарланады</i>	1-9 туры
-------------------------	---	----------

Жеңімпаздарды марапаттау, жабылу рәсімі

01.11.2025	<i>Марапаттау басталу уақыты қосымша хабарланады</i>	Марапаттау рәсімі
------------	--	-------------------

8. Марапаттау

- 8.1. Ұлытау облысының 2025 жылғы стандартты (классикалық) шахматтан 7 жастан 17 жасқа дейінгі жас санаттарындағы ұлдар мен қыздар арасындағы чемпионатының жүлдегерлері (1-3 орын) Қазақстан Республикасының 2026 жылғы стандартты (классикалық) шахматтан 8 жастан 18 жасқа дейінгі жас санаттарындағы ұлдар мен қыздар арасындағы чемпионатына негізгі қатысушылар ретінде қатысу құқығын иеленеді.
- 8.2. Ұлытау облысының 2025 жылғы стандартты (классикалық) шахматтан 7 жастан 17 жасқа дейінгі жас санаттарындағы ұлдар мен қыздар арасындағы чемпиондары (1 орын) Қазақстан Республикасының 2026 жылғы стандартты (классикалық) шахматтан 8 жастан 18 жасқа дейінгі жас санаттарындағы ұлдар мен қыздар арасындағы чемпионатына «Ұлытау облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» ММ бекіткен нормаларға сәйкес (пойызбен жол жүру, тұру және тәуліктік шығындар) іссапарға жіберіледі. Егер облыс чемпионы Қазақстан Республикасының чемпионатына қатысудан бас тартса, іссапарға жіберу құқығы келесі жүлдегерге беріледі.
- 8.3. Қосымша, конкурстан тыс, Қазақстан Республикасының 2026 жылғы стандартты (классикалық) шахматтан 8 жастан 18 жасқа дейінгі жас санаттарындағы ұлдар мен қыздар арасындағы чемпионатына кадеттер мен мектеп оқушылары арасындағы Қазақстан Республикасының, Азияның және әлем чемпионаттарының ағымдағы жүлдегерлері іссапарға жіберіледі.
- 8.4. Чемпионаттың жеңімпаздары мен жүлдегерлері мақтау қағаздармен, медальдармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталады.
- 8.5. Мақтау қағаздар және медальдар «Ұлытау облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» ММ, «Облыстық дене шынықтыру және спортты дамыту орталығы» КММ есебінен жүргізіледі.
- 8.6. Чемпионаттың жалпы жүлде қоры – 2 700 000 теңге.
- 8.7. Әр жас санатында 225 000 теңге мөлшерінде жүлде қоры белгіленген, ол келесідей бөлінеді:

1 орын	100 000 теңге
2 орын	75 000 теңге
3 орын	50 000 теңге

9. Әділ ойынды қамтамасыз ету шаралары

- 9.1. Читинг-бақылау FIDE Античитерлік ережесінің талаптарына сәйкес стандартты қорғаныс деңгейінде қамтамасыз етіледі.
- 9.2. Чемпионатта Античитерлік комиссия жұмыс істейді. Жасырын көмек немесе өзге де тыйым салынған тәсілдерді пайдаланғаны анықталған қатысушы Античитерлік комиссияның шешімі бойынша турнирден бірден шығарылуы мүмкін. Античитерлік комиссияның шешімі түпкілікті болып табылады және шағымдануға жатпайды.
- 9.3. Тур кезінде қатысушыларға ойын (турнир) залында кез келген электрондық құрылғыларды (ұялы телефондар, смарт-сағаттар, bluetooth-құлаққаптары және т. б.) өзімен алып жүруге қатаң тыйым салынады.
- 9.4. Ойын (турнир) залына кірген кезде Античитерлік комиссияның шешімі бойынша металл детекторды пайдалана отырып тексеру жүргізілуі мүмкін.
- 9.5. Әділ ойын ережелерін бұзған қатысушыны Қазақстан Республикасының аумағында өткізілетін жарыстардан кейінгі дисквалификациялау мәселесі Қазақстан шахмат федерациясының Античитерлік комиссиясына қарауға жіберіледі.

10. Қатысушылардың, алып жүретін адамдардың құқықтары мен міндеттері

- 10.1. Қатысушылар FIDE қағидаларына және осы Регламентке сәйкес ойнауға міндеттенеді.
- 10.2. Тур кезінде ойын (турнир) залында тек чемпионат қатысушылары, төрешілер алқасы, Ұйымдастыру комитетінің өкілдері және аккредиттелген баспа және ақпарат құралдарының өкілдері бола алады.
- 10.3. Партияны аяқтаған ойыншы көрермен болып есептеледі және турнир залынан шығуға міндетті.
- 10.4. Көрермендер (жаттықтырушылар, ата-аналар және басқа сүйемелдейтін тұлғалар) тур кезінде ойын залында бола алмайды. Оларға бөлек күту аймағы қарастырылған.
- 10.5. Қатысушылар, жаттықтырушылар, алып жүруші адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері мен әдептілік қағидаларын сақтауға міндеттенеді.
- 10.6. Ойын тәртібін жүйелі түрде бұзған, қасақана жанжалды жағдай туғызған және басқа да бұзушылық жасаған жағдайда қатысушы жарыстан шығарылады. Жаттықтырушылар мен алып жүретін адамдар тарапынан осындай бұзушылық болған жағдайда тәртіп бұзушылар Турнирлерде болу құқығынан айырылады.
- 10.7. Турнирлерге қатысушылардың:
 - Апелляциялық Комитетке жүгінуге (6.2-тармақты қараңыз);
 - турнир залында алғашқы медициналық көмек көрсетілуіне құқығы бар.

Байланыс ақпараты:

Турнир директоры	FA Ashirova Alma, ID 13718746
Бас төреші	FA Zhuparkhan Dosbolat, ID 13707663
Байланыс телефоны	+7 (778) 646-22-44
Ресми сайт Instagram	www.chessacademy.kz www.instagram.com/chessacademy.zhezkazgan